

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Ата-аналарға, қамқоршыларға ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзете-дамыта оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке кеңес беру.

Психолог: Арыстанғалиева А.Н

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүйесі қарқынды дамып, ерекше дамуды қажет ететін балаларға қолдау көрсету – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Мұндай балаларды тәрбиелеу мен дамытуда мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің ғана емес, ата-ананың да рөлі ерекше. Себебі бала үшін негізгі эмоционалдық қауіпсіз орта – отбасында қалыптасады. Сондықтан ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, оларды ақпараттандыру және тәрбиелеу дағдыларын жетілдіру – мамандардың басты мақсаты.

Ерекше баланы тәрбиелеуде ата-аналар кездесетін қиындықтар:

1. Эмоциялық қиындықтар:

кінә сезімі, уайым, шаршау және эмоционалдық күйзеліс.

2. Білім мен ақпараттың жеткіліксіздігі:

баланың диагнозын, даму ерекшелігін толық түсінбеу;

түзету жұмыстарының маңызын білмеу.

3. Қоғамдық факторлар: әлеуметтік сын, баланы қоғамдық ортаға енгізудегі қиындықтар.

4. Отбасылық ресурстың шектелуі:

уақыт, күш, материалдық жағдай тапшылығы.

Осы мәселелерді шешу үшін ата-анаға жүйелі психологиялық кеңес пен қолдау қажет.

Ата-аналарға арналған негізгі психологиялық кеңестер

1. Баланы өзінің ерекшелігімен қабылдау

Бала қандай болса да, оны сүйіп, қолдау – ата-ананың ең маңызды міндеті. Баланың даму деңгейін басқалармен салыстырмау, әр қадамды жетістік ретінде бағалау өте маңызды.

2. Эмоциялық тұрақтылықты сақтау

Ата-ананың эмоциялық жағдайы балаға тікелей әсер етеді.

Сондықтан:

релаксациялық жаттығулар жасау;

демалыс уақытын жоспарлау;

психологпен жеке кеңес алу пайдалы.

3. Күн тәртібін тұрақтандыру

Ерекше балаларға тәртіп пен қайталанатын әрекеттер қауіпсіздік сезімін береді.

Күн тәртібінде: тамақтану, ойын, ұйқы, түзету сабағы нақты уақытпен белгіленуі тиіс.

4. Мақтау мен мотивацияны дұрыс қолдану

Тіпті кішкентай жетістіктің өзін атап өтіп отыру баланың өзін-өзі бағалауына оң әсер етеді.

Мысалы:

«Жарайсың!»,

«Сен қолыңнан келді!»,

«Бүгін жақсы тырыстың!».

5. Көрнекілік пен сенсорлық әдістерді пайдалану

Ерекше балалар ақпаратты визуалды түрде жақсы қабылдайды.

Пайдалы әдістер: пиктограммалар, суретті карточкалар (PECS), сенсорлық ойындар, тактильді материалдар.

6. Мамандармен тұрақты байланыста болу

Дефектолог, психолог, логопед, әлеуметтік педагогпен бірге жұмыс—баланың дамуына зор ықпал етеді.

Ата-ана:
үй тапсырмаларын орындауы;
түзету сабақтарының мақсатын түсінуі;
мамандар ұсынған әдістерді үйде қолдануы қажет.

7. Балаға қоғамға бейімделуге мүмкіндік беру

Балаға: топтағы балалармен ойнау, қоғамдық орындарға бару, әлеуметтік жағдайларды үйрену сияқты әрекеттер арқылы тәжірибе жинақтауға жағдай жасалады.

Ата-анамен жүргізілетін психологиялық жұмыстар

1. Жеке кеңес беру

Психолог ата-ананың эмоционалдық күйін бағалайды, қиындықтардың шешу жолдарын ұсынады.

2. Топтық тренингтер

Мақсаты – бір-біріне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу.

Тақырыптары:

«Эмоциялық күйді басқару»,

«Балаға мотивация беру жолдары»,

«Қауіпсіз байланыс орнату».

3. Психотерапиялық ойындар

Ата-ана мен бала арасындағы байланысқа бағытталған ойындар:

«Жылы сөздер шеңбері»,

«Мен және менің балам»,

«Жақсы іс гүлдері»,

«Сенімді көпір».

4. Ақпараттық семинарлар

Диагноз ерекшелігі, түзету жұмыстары, үйде қолданатын әдістер туралы теориялық білім беру.

5. Үй тапсырмасын бақылау

Маман ұсынған жаттығулардың орындалуын қадағалау, кері байланыс беру.

6. Релаксациялық-терапиялық жұмыс тыныс алу жаттығулары, арт-терапия, құм терапиясы, мандала бояу.

Қорытынды

Ерекше дамуды қажет ететін баланы тәрбиелеу – ата-анадан көп шыдамдылық, мейірім, білім және эмоционалдық дайындықты талап етеді. Психологтың міндеті – ата-анаға қолдау көрсету, бағыт беру және отбасымен тығыз жұмыс жүргізу. Ата-ананың оң көзқарасы мен мамандардың кәсіби көмегі баланың толыққанды дамуы мен қоғамға бейімделуінің басты кепілі болып табылады.

